Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға-1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады.

Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның бухгалтериясында рәсімдей аласыз.

Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс-тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.



**ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

**6 қазан** **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**6 октября** **РЕФЕРЕНДУМ**

Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады



**Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы**

Референдум учаскелерінде азаматтар дауыс беру күніне **15 күн** қалғанда республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады

Тізімдерді түзету немесе азаматтарды оларға енгізу қажеттігі туралы өтінішті учаскелік референдум комиссиясы ол келіп түскен күні қарайды

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

**ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!**

**6 қазан** **РЕСПУБЛИКАНСКИЙ**  
**6 октября** **РЕФЕРЕНДУМ**

Как проверить себя в списках граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме



**Каждый гражданин вправе проверить данные о себе**

На участках референдума граждане могут за **15 дней до дня голосования** ознакомиться с правильностью внесенных данных в списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме

Заявление о необходимости исправлений или включения в списки граждан рассматривается участковой комиссией референдума в день его поступления

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

**ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

**6 қазан** **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**6 октября** **РЕФЕРЕНДУМ**

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері



Болатын жері өзгерген кезде азамат басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін  
**20** қыркүйектен бастап алуға болады

Есептен шығару куәліктерін беру  
**5** қазанда сағат **18.00**-де тоқтатылады

- 1** Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (соның ішінде электрондық нұсқа)
- 2** Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді
- 3** Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

!

Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтіруге жатпайды

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегінде басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

**ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!**

**6 қазан** **РЕСПУБЛИКАНСКИЙ**  
**6 октября** **РЕФЕРЕНДУМ**

Открепительные удостоверения на право голосования



При перемене места пребывания гражданин может получить открепительное удостоверение для голосования на другом участке референдума

Открепительное удостоверение можно получить  
с **20** сентября

Выдача открепительных удостоверений прекращается  
**5** октября в **18.00** часов

- 1** При голосовании гражданин предъявляет открепительное удостоверение и документ, удостоверяющий личность (в том числе электронный вариант)
- 2** Участковая комиссия референдума включает гражданина в список граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме и выдает бюллетень для голосования
- 3** Открепительное удостоверение используется один раз и остается на участке, на котором гражданин проголосовал

!

Утерянные открепительные удостоверения не подлежат восстановлению

Открепительное удостоверение не выдается гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населенного пункта

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан



**Егіндікөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 8С23-9  
«Егіндікөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 8С13-4 «2024 жылға арналған Егіндікөл ауданының ауылдық елді  
мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру,  
әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен  
саласындағы мамандарға, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының  
мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу  
немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы»  
шешімі**

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 126 бұйрығының күшін жою туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 5 тамыздағы № 63 бұйрығына сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Егіндікөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 8С13-4 «2024 жылға арналған Егіндікөл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы

мамандарға, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін: аталған шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 желтоқсанда № 9946 тіркелді) сәйкес Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қ. Шынтеміров,  
Егіндікөл аудандық  
мәслихатының төрағасы**

**Решение**

**Егиндыкольского районного маслихата от 19 сентября 2024 года № 8С23-9  
«О внесении изменения в решение Егиндыкольского районного маслихата  
от 22 декабря 2023 года № 8С13-4 «О предоставлении специалистам  
в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры,  
спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратам  
акимов сел, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские  
населенные пункты Егиндыкольского района, подъемного пособия и социальной поддержки  
для приобретения или строительства жилья на 2024 год»**

В соответствии Приказом Заместителя Премьер-Министра - Министра национальной экономики Республики Казахстан от 5 августа 2024 года № 63 «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2014 года № 72 «Об утверждении Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратам акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты» и признании утратившим силу приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан от 29 июня 2023 года № 126 «Об определении размеров предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратам акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты» Егиндыкольский районный маслихат РЕШИЛ: 1. Внести в решение Егиндыкольского районного маслихата от 22 декабря 2023 года № 8С13-4 «О предоставлении специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным

служащим аппаратам акимов сел, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Егиндыкольского района, подъемного пособия и социальной поддержки для приобретения или строительства жилья на 2024 год» следующее изменение: преамбулу указанного решения изложить в новой редакции:

«В соответствии с пунктом 8 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2014 года № 72 «Об утверждении размеров и Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратам акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 9946), Егиндыкольский районный маслихат РЕШИЛ: 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**К. Шинтемиров  
Председатель Егиндыкольского  
районного маслихата**

**Егіндікөл аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 8С23-8  
«Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын  
ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық  
айлықақыларына жергілікті бюджет  
қаражаты есебінен ынталандыру  
үстемеақыларын белгілеу туралы»  
шешімі**

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Егіндікөл ауданының әкімдігі айқындаған тәртібі мен шарттарында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Егіндікөл ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Егіндікөл ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 30 пайыз мөлшерінде ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қ Шынтеміров,  
Егіндікөл аудандық  
мәслихатының төрағасы**

**Решение**

**Егиндыкольского районного маслихата от 19  
сентября 2024 года № 8С23-8  
«Об установлении за счет средств местного  
бюджета стимулирующих  
надбавок к должностным окладам  
работников организаций,  
финансируемых из местного бюджета»**

В соответствии с подпунктом 3) пункта 5 постановления Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий», Егиндыкольский районный маслихат РЕШИЛ: 1. Установить за счет средств местного бюджета стимулирующие надбавки к должностным окладам работников коммунального государственного учреждения «Молодежный ресурсный центр» отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Егиндыкольского района», коммунального государственного учреждения «Центр обучения языков» отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Егиндыкольского района» в размере 30 процентов в порядке и на условиях, определенных акимом Егиндыкольского района. 2. Настоящее решение вводится в действие с 1 октября 2024 года.

**К. Шинтемиров,  
Председатель Егиндыкольского  
районного маслихата**

**Срочное фото на документы  
Художественное фото.**

Печать фотографий с цифровых носителей, разработка и печать пригласительных, открыток, визиток и другой продукции. Обращаться в редакцию газеты «Егіндікөл» по адресу: с. Егиндыколь, ул. Победы, 7.



Ислам және дін

## Атадан қалған асыл мұра немесе Хиджаб кию қазаққа тән бе?


Әрбір халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тәрбиелік ұстанымы бар. Әсіресе қазақ халқының тәрбиелік, танымдық маңызы зор салт-дәстүрлері мен сенім-ырымдары мол. Міне, осы асыл қазынамыз ұрпақтан - ұрпаққа, атадан балаға жалғасып, ұлттық көрінісімізді жоғалтпай, өзгелерден ерекшелеп тұратыны анық. Оны келесі ұрпаққа жеткізу мына сіз бен біздің парызымыз!

Осындай ерекше болмысымыздың бірі - Орамал. «Орамал» немесе

«Жаулық» дегенде көз алдыма бұрынғының келіншектері мен апа-аналарымыз көз алдыма елестейді. Сондай кезде, қазаққа тән сыпайылық, пәктік пен тазалық, жылулық пен сұлулық сезімі жүрегіңе ұялайды. Кешегі ата-әжелеріміз ақ жаулықты құрметтеп, қазақи әдепті сақтай білген. Орамалды қыз – келіншек, отбасылы, Ана екенін білдірген. Қазақта «Әйел орамал тақпаса арын ұмытады, күйеуінің барын ұмытады, шашы тамаққа түседі, үйіне келген қонақтың назары түседі» деген сөз бар. Қай қырынан алсақ та, орамалдың әйел адам үшін пайдалы екенін айтады. Атам қазақ қашан да ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарамаған. Соның ішінде қыз балаға болашақ келін, аяулы жар, асыл ана деп тәлім-тәрбие берген. Орамал тағу тек қазақ әйеліне тән үрдіс емес, барлық түркі тілдес халықтар да орамалды, жалпы киім кию үрдісін тәрбие құралы ретінде қастерлеген. Өкінішке орай, бүгінгі күні еліміздің жастары салтымызды ұмытып, дәстүрлерімізді дәріптеуді қойып, керісінше жат ел болмысына еріп, еліктеуі сәнге айналған сияқты. Ұлы ақын-жазушыларымыз жырға қосқан аруларымыз сол бейнені ұмытып, жаңа «сәнге», яғни «хиджаб» киюге құмар.

Бұл қандай киім үлгісі? «Хиджаб» - («Қалқан», «Шымылдық») – бұл мұсылман әйелдерінің көшеге шыққанда денесін жасыру үшін киетін киімі. «Желбегей, жамылғы» дегенді білдіреді. Кей деректерде ол араб елінің ұлттық киімі делінген. Сонда, неге қазақтың өрімдей қыздары өзге елдің ұлттық киімін киеді? Өзіміздің бүрме етек көйлектеріміз бен орамал, үкілі кәмшат бөрік, тақия мен сәукелеміз қайда қалмақ? Осылайша, көптеген жас қыздар хиджаб таңдау арқылы өздері де түсінбей, жастардың қарапайым өмірінің көптеген қырларынан бас тартып, өзін-өзі оқшаулау жолына түседі. Діни нанымдар оқуға, тұлғалық дамуға кедергі болмауы қажет, ал хиджаб өзін оқшаулау құралы болмауы керек екені анық.

Біздің қыздарымыз қара салмаған, жаулық салған, оның түрлі түстісін салған. «Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» дей отырып, «ақ жаулығың» аман ба? – деп саулық сұрасатын. Көз тимесін деп, үкілі кәмшат бөрік, шашақты, үкілі, салпыншақтары, шашбауымен әдемілеп тақиясын киген. Тұрмысқа шығарда сәукеле киеді, одан кейін сәукелені шешіп, ақ жаулығын салады. Бірінші «бала



келін», екінші «ана келін», одан кейін «дана келін» болсын деп, қарияларымыз бата берген.

Бірақ, соңғы бірнеше жылдар бойы жаңа оқу жылының басталуымен орта, жоғары білім беру ұйымдарында оқушылар мен студенттердің діни киімдерді киіп келу мәселесі туындауда. Осыған орай, ағымдағы жылы оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мектептегі хиджаб мәселесіне қатысты сөз қозғап, бұл мәселенің әлі де өзекті екенін және де білім беру ұйымдарында арнайы ережелер мен заң

барын айтады. Оның айтуынша, дін мәселесі білім беру саласынан бөлек. Мектеп - білім мен тәрбие беретін орын болуға тиіс. Біз заңдағы ережелерді ұстанып, орындауымыз керек және барлық білім беру ұйымдары осы талаптарды орындауға міндетті. Заң жеке меншік ұйымдарына да қатысты.

Баланың мектептегі мақсаты – оқу, білім алу, жан-жақты даму. Мектеп жасындағы оң-солын танымаған баланың діни ұстанымы, өз көзқарасы қалыптаспаған, саналы түрде дінді түсініп, құдай деген ұғымды толық танымайды. Олар ата-ананың еркінде болады, яғни әке-шешесінің дінінде өседі. Ол құдайды тек ата-анасы арқылы таниды. Ересектер өз түсінігін тықпалауын балаға таңып қойғандықтан, олар ойнаудың орнына кішкентайынан тыйым, шектеулерді көріп өскеннен, ой-өрісі мен түсінігі де шектеулі, өз пікірі жоқ адам болып өседі. Есейе келе, қысылып өскен бала әлеуметтік ортасынан оқшауланып, келешекке сенімсіздікпен қарайтын, жастардың әлеуметтік оқшаулануы мен маргиналдану әлеуетіне тап болатыны сөзсіз. Яғни, мектептен кейін жаңа ортаға түсіп, сол ортаның әлеуметтік жағдайына бейімделе алмауынан бір-біріне кереғар екі әлеуметтік топтың арасында қалып, не ана топқа, не мына топқа кіріге алмаудың салдарынан психикалық дағдарыста қалуы мүмкін.

Сондай-ақ шектеулі мүмкіндіктерге байланысты әділетсіздік пен мазасыздық сезімдеріне жауап іздеу нәтижесінде радикалдануға тап болады. Ал бұл болашақта білімсіз діни фанаттардың, діни ағымдағы түрлі топтардың жаңа буыны өсіп шығады деген сөз.

Ата-дәстүр бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс. Бұл болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін өте маңызды. Біз өз ұрпағымызды білімді де тәрбиелі, өнегелі де ізетті, мейірімді әрі қайырымды, қонақжай етіп тәрбиелегіміз келсе, халықтық салт-дәстүрге ерекше мән беруіміз керек.

**А.Нұрғалиева,**  
**Ақмола облысы Дін істері басқармасының**  
**«Конфессияаралық қатынастарды**  
**дамыту және талдау орталығы» КММ**  
**маманы**

## Ескерткіштер-ел тарихы

Ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштер негізінен 4 түрге бөлінеді: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнер ескерткіштері. Сондай-ақ, ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Оған адамзаттың көне заманнан күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше қайталанбас заттық-рухани үлгі-нұсқаларын жатқызамыз. Адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атау қалыптасқан. Оларды шартты түрде ауыз әдебиеті ескерткіші, жазба ескерткіші, өнер ескерткіші, сәулет ескерткіші, ұлттық дәстүрлі қолөнер ескерткіші, діни ескерткіш, т.б. деп те түрліше жеткізуге болады. Мәселен, адам қабірінің басындағы оба, қорғандардың, Сақ дәуірінен, Көне түркі кезеңінен жеткен тас мүсіндер, құлпытас, қойтас, сағана, төртқұлақ, кесене, т.б. археологиялық және сәулет ескерткіштері – ең алғашқы ескерткіш түрлері қатарына жатады.

Ал монумент деген ұғымның мағынасы – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.

Монументтер әдетте, дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Ескерткіштің кең тараған түрі де - осы, көлемі нақты үлкендеу мүсіндік бейнелер. Олар, көбінесе көрнекті жерлерге, қаланың орталық алаңына, саябаққа, тарихи орындарға, тарихи адамдардың туған жерлеріне, ұрыс даласына орнатылады.

Егіндікөл ауданы бойынша жергілікті маңызға ие 6 ескерткіш және 1 тарихи-мәдени мұра бар. Атап айтсақ:

1. Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан саяси қуғын-сүргін құрбандары мен жерлестеріне арналған «Қайғылы ана» ескерткіші, Егіндікөл ауылының Победа және Ленин көшелерінің қиылысында орналасқан.

2. «Полтава қорымы», орналасқан жері: Алакөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан.

3. Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан «Жерлес-соғыстарға» ескерткіш, Жалманқұлақ ауылының орталығында орналасқан.

4. «Суфу кесенесі» тарихи-мәдени мұрасы, Егіндікөл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 11 км Жалманқұлақ ауылында орналасқан.

5. Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан «Жерлес-соғыстарға» арналған ескерткіш, Көркем ауылының орталығында басты көшеде орналасқан.

6. «Абылайхан» бюсті Егіндікөл ауылының орталық алаңында орналасқан.

7. Бауман ескерткіші, Бауман ауылының орталық алаңында орналасқан.

Ескерткіш – өткен тарихымыздың белгісі. Едәуір дәрежеде келешегіміздің де көрінісі. Әрбір ескерткіштің объективті-тарихи мағынасы зор. Халықты біріктіріп, тұтастандыратын саяси салмағы мен насихаттық сипатта мазмұнды мәні бар идеологиялық құрал.

**А.Карабекова,**  
**Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту**  
**және спорт бөлімінің бас маманы**

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс: 2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru

Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.
--	---	--	--	---	--



Тіл - ұлттық қазына

Сақтықта қорлық жоқ!



жұмысына белсене қатысып, Қазақ тілінің мәртебесін асқақтатуға үлес қосып жүрген тіл жанашырларын алғыс хатпен марапаттады. Сізді Қазақстан халқының Тілдері күнімен құттықтаймын!

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тіл саясатын кеңінен насихаттауға қосқан үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін. Отбасыңызға бақыт, береке, жұмысыңызда толағай табыстар тілеймін. Қасиеті терең, құнары мол қазақ тілін өз



мәнінде қолданып, мерейін асқақтату жолында жасаған еңбегіңіз жемісті болсын, – деген мәтіндегі алғыс хаттармен "Балбөбек" бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Жакупбекова Марина Анатольевна, аудандық архив директоры Жандаулетова Валентина Владимировна, №2 Егіндікөл орта мектебінің 9 сынып оқушысы Фасиева Диана, Егіндікөл ауылының №1 жалпы білім беретін мектебінің ағылшын пәнінің мұғалімі Шахман Мөлдір Айтбайқызы, агротехникалық колледж студенті Попков Леонид марапатталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – Мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады, «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін» деген болатын. Осы сөзді ұран қылып алған аудандық тілдерді дамыту орталығы салтанатты рәсімнен кейін аудандық мәдениет

Тіл қай елде, ұлтта болсын қасиетті құдыретті ұғым. Әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік



бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы. Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Осы орайда ауданымызда бір мақтанш болып ағымдағы жылдың 5 тамыз күні аудан әкімі Юрий Курушиннің қолдауымен, Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Алин Алмас Аянұлының қатысуымен Тілдерді оқыту орталығы ашылған болатын. Осы аралықта атқарған жұмыстарының есебі мен 5 қыркүйек Қазақстан халқының тілдері күні аясында Тілдерді оқыту орталығы, аудандық кітапхана және мектептерде Тілдер күніне арнап өткізілген іс шараларды қорытындылап, жеңімпаздарды марапаттау мақсатында ұйымдастырылған іс – шара аудандық мәдениет үйінде өткізілді. Алғаш сөз кезегін алған аудан әкімі Юрий Курушин барша жиналған қауымды Тілдер мерекесімен құттықтап, тіл құдіреті жайлы баяндады. Ауданның қоғамдық

үйінің ұйымдастыруымен дайындалған шағын мерекелік концерт ұсынды. Мың бұрала билеген биші қыздардың әр қимылы қазақилық пен ұлттық нышанның белгісіндей болды. Қоңыр дауыстағы қазақ әндер де жиналған қауымның жүрегіне жеткендей болды. Тіптен, соңғы орындалған ән көпшілікті бей - жай қалдырмай, қазақ тіліне деген құрметтерінің белгісіндей баршаны орындарынан тұрғызды. Міне, тіл құдіреті осы екендігі сөзсіз. Тіл жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», - деген жақсы сөзі бар. Расында да тілсіз біз ешкім емеспіз. Ұлттық болмысымыздан, дәстүрімізден айырыламыз сондықтан мемлекетіміздің болашағы болған жастарымызды тіліне берік, Отансүйгіш рухта тәрбиеленуі жолында жасап жатқан еңбектеріңіз жана берсін. Аспанымыз ашық болсын, қазақ тілінің айбыны асқақтай берсін. Әрбір азамат мәңгілік еліміздің сарқылмас байлығы – қазақ тілін көзіңізді қарашығындай сақтап, құрметін арттырса - ұлтымыздың болашағы жарқын болары анық.



Құрметті Егіндікөл ауданының тұрғындары мен қонақтары! Егіндікөл ауданы ТЖ бөлімі тұрғын секторындағы өрттердің өсуіне байланысты Сіздерден жылыту кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұрайды. Қыстың басталуымен тұрғын үй секторындағы өрттердің саны күрт өсуде. Үйлеріндегі жылуды ұстап тұру үшін адамдар жылыту пештерін, электр жылыту құрылғыларын, газ плиталарын, пештерді пайдаланады, олар белгілі бір жағдайларда өртке, жарылысқа, соның салдарынан жарақат алуға және тіпті адам өліміне әкелуі мүмкін. Тұрғын үйлердегі жылыту маусымында өрттердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі - пештерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып табылады. Олар пештің қызып кетуі, кірпіште жарықтардың пайда болуы, жанғыш сұйықтықтарды жағу үшін қолдану, жанып жатқан көмірдің оттықтан немесе күлден түсуі нәтижесінде пайда болады. Сақтық шаралары:

- 1) Тұрғын бөлмелерде автономды өрт хабарлағыштарын орнатыңыз;
- 2) Жылыту пештерін жарамды күйде ұстаңыз;
- 3) Жиһазды және басқа да жанғыш заттарды пешке жақын қоймаңыз;
- 4) Пешке дейінгі металл парақты орнатыңыз (мин. 50x70 см);
- 5) Айына кемінде 1 рет мұржаны тазалаңыз;
- 6) Пеш пен түтін мұржасындағы жарықтарды құм мен саз ерітіндісімен жабыңыз, сылаңыз және ағартыңыз;
- 7) Пешті тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуды болдырмаңыз;
- 8) Электр желісіне қосылған электр жылыту аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз;
- 9) Бір розеткаға бірнеше жоғары қуатты электр тұтыну көздерін қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс жүктелуіне және әдетте өртке әкелуі мүмкін;
- 10) Ақаулы электр жылытқыштарды, сондай-ақ қолөнер өндірісінің аспаптарын пайдаланбаңыз;
- 11) Үйден шықпас бұрын газ және электр жабдықтары өшірілгеніне көз жеткізіңіз;
- 12) Балаларға мұқият болыңыздар, кішкентайларды қараусыз қалдырмаңыздар;
- 13) Қатаң белгіленген жерлерде темекі шегіңіздер. Естеріңізде болсын, төсекте темекі шегу, әсіресе мас күйінде, өрттің себебі болып табылады.

Естеріңізде болсын, өртті сөндіруден гөрі ескерту оңай!

Өрт шыққан жағдайда 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласыңыздар!

**Ж.Е. Ауелбеков,**  
Егіндікөл ауданы ТЖБ инженері